

Капитал нарығы

Тоқсандық шолу

2025 жылдың 1-ші тоқсандығы

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚАША ШОЛУ

2 АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Борыштық бағалы қағаздар нарығы



ҚЫСҚАША ШОЛУ

2025 жылдың 1-ші тоқсанында АХҚО биржасы айтарлықтай өсімді көрсетті, бұл сауда-саттық көлемі мен тартылған капиталдың айтарлықтай ұлғаюымен айшықталды. Жалпы, АІХ іске қосылған сәттен бастап сауда-саттықтың жалпы айналымы \$2,7 млрд құрады, бұл ретте осы соманың \$1,5 млрд-тан астамы 2025 жылдың 1-ші тоқсанында өндірілді.

САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

АХҚО биржасы жыл басынан бері рекордтық \$1,5 млрд айналымға жетіп, сауда-саттық көлемінің айтарлықтай өсімін көрсетті.

\$1,5
млрд

Бір жыл ішінде

АХҚО биржасы іске қосылған сәттен бергі алғашқы 6 жылдағыдан да көп сауда жасалды

\$2,7 млрд

АХҚО биржасы іске қосылған кезден бергі жиынтық көлем

АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ САУДА МҮШЕЛЕРІ

АХҚО биржасының сауда мүшелерінің саны бір жергілікті мен бір БАӘ сауда мүшесінің қосылуынан 53-тен 55-ке дейін өсті.

55
сауда мүшесі

+1 жаңа

Қазақстандық сауда мүшесі

+1 жаңа

БАӘ сауда мүшесі

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2025 жылдың 1-тоқсанының соңында Қазақстанның 2,1 млн-ға жуық азаматының АІХ ССД-де инвестициялық шоттары болды. АІХ сауда мүшелерінің саны бір жергілікті және БАӘ-нің бір мүшесінің қосылуынан 53-тен 55-ке дейін өсті.

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР

2,1 млн

бөлшек инвесторлар

+151 тыс.

2025 ж. 1-тоқ. жаңа
бөлшек инвесторлар.




Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.

САУДА МҮШЕЛЕРІ

55

сауда мүшесі



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX


2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) – қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұратын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс. AIXQI индексінің мәні жыл басынан бері 0,13%-ға өсті және 2025 жылдың 1-тоқ. жағдай бойынша рекордтық 1 534 тармақты құрады.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіші.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

* 2024 жылғы қарашадағы акциялар құнының өзгеруі